

№ ____ Тауар жеткізу шарты

Алматы қ.

« ____ » _____ 202_ж.

Бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____ (АҚ/ЖШС/ЖК атауын көрсету) атынан _____ негізінде әрекет етуші _____, бір жағынан, және бұдан әрі «Жеткізуші немесе Сатушы» деп аталатын «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС атынан Жарғының негізінде әрекет етуші оның Бас директоры А.В. Романова, екінші жағынан, бірге «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей атала отырып, төмендегілер туралы осы Тауар жеткізу шартын (бұдан әрі мәтінде «Шарт» деп аталады):

Шартта қолданылатын терминдер

Шартта, оған қоса оған кез келген, соның ішінде болашақта қол қойылатын қосымшалар мен қосымша келісімдерде, Тараптар жіберетін хабарламаларда, және басқа да Шартта көзделген немесе Шартпен байланысты құжаттарда қолданылатын терминдердің Шарт Тараптары үшін мағынасы төмендегідей болады:

Тауар – азық-түліктер және Сатушының үшінші тұлғалардан әрі қарай қайта сату мақсатында сатып алатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында өткізуге рұқсат етілген және Өтінімде көрсетілген басқа тауарлар.

Интернет-дүкен — Тауарды (-ларды) Интернет желісі («bazarjoq.kz» сайты) арқылы, Сатып алушының Сатушы ұсынған мәтіндегі және фотосуреттердегі Тауардың сипаттамасымен танысуының негізінде, Интернет желісінің көмегімен бөлшек және көтерме сатып алу-сату үшін құрылған Сатушының дүкені. Сатып алушы Интернет-дүкенде тіркелу ережелерімен танысқанын растайды.

Тапсырыс – Интернет-дүкендегі тауарлар Тізбесінен жекелеген позицияларды/ассортиментті таңдау. Тапсырыс оны сайтта растаған және оны Сатып алушының уәкілетті тұлғасы Интернет-дүкенде төлеген кезде күшіне енеді.

Қайтарылатын ыдыс – қолданыста болған, қайта пайдалануға арналған ыдыс.

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шартқа сәйкес Жеткізуші Интернет-дүкенде сату үшін орналастырылған Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Сатып алушы тиісінше тәртіппен жеткізілген Тауарды қабылдауға және оның құнын осы Шарттың тәртібімен және талаптарымен қабылдауға міндеттенеді. Тауардың сипаттамасы, қасиеттері, бағасы және жеткізу талаптары Интернет-дүкенде жарияланған.

1.2. Тауарды жеткізуге тапсырысты Сатып алушы Интернет-дүкенде рәсімдеу керек.

2. Тауардың сапасы

2.1. Осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауардың сапасы тұтынушылардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіздік талаптарына, ГОСТ-рға, ТШ-рға, Сәйкестік сертификаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген басқа да талаптарға сай болу керек.

2.2. Тауар мемлекеттік стандарттың немесе ҚР қолданылатын басқа стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сай ыдысқа салынған және/немесе қапталған болу керек.

3. Ыдыс және қаптама

3.1. Тауардың оның түріне сай келетін және тасымалдау, түсіру және сақтау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ететін стандартты қаптамасы болу керек. Паллетпен жеткізген жағдайда Тауар бекітілуге тиіс.

3.2. Тауардың қаптамасында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен міндетті ақпарат ретінде қарастырылған барлық ақпарат, соның ішінде дайындаушы, құрамы туралы ақпарат болу керек. Көрсетілген ақпарат қазақ және орыс тілдерінде көрсетілуге тиіс.

3.3. Қайтарылатын ыдысты Жеткізушінің экспедиторы сол күні, Тауар жеткізілген бағытпен алып кетеді.

4. Жеткізу тәртібі және талаптары

4.1. Сатып алушы Тапсырысты Интернет-дүкенде қалыптастырады және ол мына ақпаратты қамтиды:

- тапсырыс күні;
- Тауарды жеткізу орны (мекенжайы);
- Жеткізушінің атауы;
- Тауарды жеткізу мерзімі;
- Тауардың ассортименті;
- Тауардың бағасы;
- жеткізілетін Тауарлардың әр түріне берілген Сатып алушының ішкі кодтары (артикулдары – егер олар бар болса);
- Тауардың саны (жиынтықталуы).

4.2. Жеткізуші Тауарды Сатып алушының Тауар жеткізуге Тапсырысында көрсетілген мерзімде, көлемде, ассортиментінде және мекенжайы бойынша жеткізеді және Жеткізуші үшін бұл жеткізуді жүзеге асыру міндетті болып табылады.

4.3. Тауар Жеткізушінің көлігімен жеткізіледі немесе Сатып алушы Тауарды Жеткізушінің қоймасынан тиісті Тапсырысты көрсетілген тәртіппен және мерзімде өзі алып кетеді. Бұл ретте Тауарды жеткізу/сақтау құнын/шарттарын (Тауарды қоймадан уақтылы алып кетпеген жағдайда) және басқа да талаптарын (қажет болса) Тараптар Тапсырысты қалыптастыру және қабылдау кезінде анықтайды.

4.5. Сатып алушының Тауарды сатып алу туралы шешім қабылдау үшін қажетті, Тауардың қасиеттері мен сипаттамаларына қатысты сұрақтары пайда болған жағдайда Тапсырысты рәсімдеудің алдында Сатып алушы Сатушыға жүгінуге құқылы. Тауарды сатып алу туралы шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпарат алу мақсатында Сатып алушы жүгінбеген жағдайда Сатып алушы Тауарды таңдау үшін жауапкершілікті өзі көтереді.

4.6. Тауарды Сатып алушыға беру міндеті Сатушы тарапынан саны мен сапасы бойынша Тауарды Сатып алушыға берген кезде орындалған болып саналады.

4.7. Тапсырысты Интернет-дүкендегі сайт арқылы жіберген жағдайда:

4.7.1. Сатып алушының өз аккаунтының есеп жазбасының деректемелерін үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ және ол олардың құпиялылығын сақтауға міндетті. Тараптар Сатып алушының жеке кабинетіне қол жеткізу деректемелерінің көмегімен жасалған барлық іс-қимылдарды Сатып алушы жасаған, сондай-ақ Сатып алушының еркі мен келісімі бойынша жасалған деп санауға келісті. Сатып алушыға сайттағы жеке кабинеттің деректемелерін рұқсатпен немесе рұқсатсыз берудің себебінен Сатып алушыға келтірілген кез келген зиян үшін Сатып алушының алдында Сатушы жауапкершілік көтермейді.

4.7.2. Сатушының телефон арқылы әңгімелерді жазып алуға, оларды сақтауға, пайдалануға үшінші тұлғаларға беруге құқығы бар. Телефон арқылы әңгімелер Тапсырыстарды орындау сапасына бақылауды жүзеге асыру үшін, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Сатып алушыларға (олардың өкілдеріне) қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында жазып алынады.

4.7.3. Сайтты пайдалану кезінде Сатып алушыға тыйым салынады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған/оған сәйкес келмейтін, қоқан-лоққысы бар, басқа Сатып алушылардың немесе үшінші тұлғалардың беделін түсіретін, тұрпайы, ерсі болып табылатын, алаяқтық сипаты бар, жеке адамның немесе көпшіліктің мүдделеріне озбырлық құратын, нәсілдік, діни, этникалық өшпенділікті немесе алауыздықты насихаттайтын кез келген ақпаратты, заңмен қорғалатын адам мен азаматтың құқықтарын бұзатын кез келген басқа ақпаратты жүктеп алуға, жариялауға, беруге және басқа жолмен көпшілікке жеткізуге;
- Сатып алушы өзі сол тұлға болып табылмайтын тұлғаның атынан аккаунт тіркеуге (жалған аккаунт) немесе тұлғалар тобының аккаунтын тіркеуге;
- Сайтта үшінші тұлғалардың телефон нөмірлерін, электрондық пошта мекенжайларын, жеке басын куәландыратын деректерін және басқа да жеке деректерін олардың осындай іс-әрекеттерге өздері берген келісімінсіз орналастыруға;
- Сайтты арам жолмен, сол сияқты техникалық, бағдарламалық құралдарды құқықты қиянат ету үшін пайдаланады деген болжамды тудырған Сатып алушыға шектеу шараларын бір жақты тәртіппен қолдану (оған қоса, бірақ онымен шектелмей, аккаунтты бұғаттау) құқығын Сатушы өзіне қалдырады.

5. Тауарды қабылдау және қайтару

5.1. Тауарды жеткізу Жеткізушінің және/немесе көлік компаниясының күшімен Сатып алушының Тапсырысты рәсімдеу кезінде көрсеткен мекенжайына және деректерінің негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Тапсырыс берілген Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жоғалу (бүліну) немесе зақымдану тәуекелі Сатушыдан Сатып алушыға немесе Сатып алушының сатып алушы деп көрсеткен тұлғасына Тауарды Сатып алушыға (оның өкіліне) беру және қорларды шетке босатуға жүкқұжатқа қол қою кезінде ауысады.

5.3. Тапсырыс берілген Тауарды қабылдау кезінде Сатып алушы (оның өкілі) міндетті:

- Тауар қаптамасының сыртында зақымдардың болуын байқап тексеруге;
- Тапсырыстағы барлық Тауарлардың болуына көз жеткізуге;
- Сатушы Сатып алушының (оның өкілінің) Тауарды тексерусіз қабылдағаны үшін жауапкершілік көтермейді. Бұл жағдайда, егер Тауарда және/немесе оның қаптамасында сыртқы зақымдар бар болса, Сатып алушы барлық тәуекелдерді толық көлемде қабылдайды.

5.4. Сатушы Тапсырыста Сатып алушымен келіскен жеткізу күні мен уақытын сақтау үшін бар күшін салады, алайда Тауарды жеткізудегі кідірістер Сатушының кінәсінен болмаған күтпеген жағдайлардың себебінен орын алуы мүмкін.

5.5. Сатушы Тапсырыста рәсімделген Тауарды Сатып алушы көрсеткен мекенжай бойынша жеткізеді. Сатушының Тауарды берер алдында, егер процедурадан өтпеген/жеке басын куәландыратын құжат көрсетілмеген болса, Сатып алушыны идентификациялауға және Тауар беруден бас тартуға құқылы. Бұл іс-әрекеттер алаяқтық жағдайларын болдырмауға бағытталған.

5.6. Тауарды жеткізу орнына кіретін жол болмаған жағдайда ол Сатып алушыға (оның өкіліне) жеткізуді жүзеге асыру мүмкін болған жерге дейін тапсырылады.

5.7. Тауарлар Сатып алушыға немесе Тапсырыста сатып алушы ретінде көрсетілген тұлғаға, немесе Сатып алушы және/немесе алушы уәкілеттік берген тұлғаға немесе жеткізу мекенжайы бойынша Тауарды қабылдайтын тұлғаға тапсырылады. Жеткізілген тауарды қабылдау фактісімен және қорларды шетке жеткізуге арналған жүкқұжатқа қол қою арқылы Сатып алушы және/немесе алушы Тауардың саны, сапасы, жиынтықталуы және сыртқы түрі бойынша наразылықтарының жоқтығын растайды.

5.8. Сатып алушы Сатушыға (оның өкіліне) тапсырыс берілген Тауарды беру фактісін белгілеп алу үшін алушыға Тауарды беру фактісін суретке түсіріп алуға келісім береді.

5.9. Сапасыз Тауарды қайтарумен (айырбастаумен) байланысты мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін ескере отырып, Тараптардың келісімі бойынша шешіледі.

5.10. Сатып алушыға сапасыз немесе зақымдалған Тауарды жеткізген жағдайда Сатып алушы өз наразылығын осы офертада және сайтта көрсетілген байланыс деректері бойынша, жүгіну себебін көрсете отырып және сапасыз тауардың фотосуреттерін қоса тіркей отырып, жіберуге құқылы. Бұл жағдайда Сатушы сапасыз немесе зақымдалған Тауардың орнына Тараптар келіскен мерзімнің ішінде сапалы тауарды жеткізуге немесе ақша қаражаттарын қайтаруға құқылы. Егер Сатушы Тауарды онлайн-қайтару құқығын Сатып алушы теріс пайдаланып отыр деп болжаса, Сатушы Сатып алушының Тауарды онлайн-қайтарып алуынан бас тартуға құқылы.

5.11. Ақша қаражаттары Сатып алушының банк картасына Сатушының және Сатып алушының екінші деңгейдегі банктерінің талаптарына сәйкес 7 (жеті) жұмыс күнге дейінгі мерзімнің ішінде қайтарылады.

5.12. Сапасыз немесе зақымдалған Тауарды айырбастау немесе қайтару Шарттың 5.10 т. ескере отырып және осы Шарттың Тараптары үшін заңды күші бар «BazarJoq Kazakhstan» ЖШС-ң Қайтару ережелерінде көрсетілген талаптарға сай жүзеге асырылады, және Сатып алушы осымен Жеткізушінің жоғарыда көрсетілген құжатымен танысқанын растайды, бұл ретте сапасыз немесе зақымдалған Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңының ережелерін ескере отырып қалай болғанда да айырбасталады және қайтарылады.

6. Тараптардың міндеттері

6.1. Жеткізушінің құқықтары және міндеттері:

- Жеткізуші Сатып алушының сұрауы бойынша Тауарды оған қатысты құжаттамасымен: сәйкестік сертификатымен, сапа сертификатымен, гигиеналық сертификаттармен және т.с.с. бірге (қажет болған жағдайда) жиынтықтап, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жеткізуді қамтамасыз етуге және тиісті тәртіппен рәсімделген қорларды шетке босатуға арналған жүкқұжатты 3 (үш) данада ұсынуға міндеттенеді.
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен осы Шарттың талаптарын бұза отырып, тиісті тәртіппен рәсімделмеген жүкқұжаттар байқалған жағдайда Жеткізуші түзетілген құжаттарды 3 (үш) жұмыс күннің ішінде ұсынуға міндеттенеді.
- Жеткізуші Тауарды Тапсырыстың талаптарына сәйкес және сол Тапсырыста белгіленген мерзімге жеткізуге міндетті.
- Жеткізуші Тауарды жеткізу орнына тиісті Тапсырыстың талаптарына сәйкес Тауарды жеткізуге немесе Тауарды Жеткізушінің қоймасынан табыстауға міндетті.
- Сатып алушы Тауардың ақысын осы Шартта көзделген төлеу мерзімін (алдын ала төлеген жағдайда) бұзған жағдайда Жеткізуші Тауарды жеткізуді тоқтатуға құқылы (оған уақтылы жеткізбегені үшін санкция қолданбай);

6.2. Сатып алушының құқықтары және міндеттері:

- Сатып алушы Тапсырыс бойынша Жеткізуші жеткізетін Тауарды қабылдауға және осы Шарттың талаптарына сәйкес оны төлеуге міндеттенеді;
- Сатып алушы Жеткізушіге дербес деректерді жинауға және өңдеуге (соның ішінде трансшекаралық беруге), дербес деректерін Сатып алушының Интернет-дүкенінің парақшасында жеке кабинетте көрсетуге келісімін береді. Осы тармақтың мақсаттарына сай дербес деректерді өңдеу деп оларды жинауды, жүйелендіруді, бір жерге жинақтауды, сақтауды, статистикалық, жарнамалық, маркетингтің және басқа мақсаттарда пайдалануды, электрондық хаттарды, SMS-хабарламаларды және Push-мәлімдемелерді жіберуді, осы офертаның мақсаттарын орындау үшін акциялар туралы хабардар етуді және басқа да іс-әрекеттерді айтады. Жеткізуші Сатып алушының дербес ақпаратын заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың басқа заңсыз іс-әрекеттерінен қорғау үшін қажетті және жеткілікті шараларды қабылдауға міндеттенеді. Жеткізуші Сатып алушының сайтта тіркелу және Тапсырыстарды рәсімдеу кезінде берген ақпаратының мазмұны, толықтығы және дұрыстығы үшін жауапкершілік көтермейді. Бұл жауапкершілік Сатып алушының мойнында болады.

7. Төлеу талаптары

7.1. Тиісті Тапсырыс бойынша Тауардың ақысын ҚҚС ескере отырып теңгемен, осы Шарттың 13-бөлімінде көрсетілген Жеткізушінің банк шотына келесі тәртіппен және мерзімде Сатып алушы төлейді:

7.1.1. «онлайн» төлеген жағдайда Тапсырысты рәсімдеген сәттен бастап 5 (бес) минуттың ішінде; немесе,

7.1.2. шот бойынша төлеген жағдайда Тапсырысты рәсімдеген күннен бастап 2 (екі) банктік күннің ішінде.

7.3. Ақша қаражаттары Жеткізушінің банк шотына түскен сәттен бастап Сатып алушы Тауарды төлеу бойынша міндеттемесін орындаған болып саналады.

7.3. Сатып алушының тиісті Тапсырыс бойынша Тауарды төлеу міндеттемелері ақша қаражаттары толық көлемде Сатушының банк шотына келіп түскен сәттен бастап орындалған болып саналады.

7.4. Кез келген себептермен жеткізілмеген Тауар үшін ақша қаражаттары тек қана Сатып алушының жазбаша өтінішінің негізінде, Сатушыға төлем жасалған Сатып алушының банк шотына, осындай өтініш Сатушының үлгісі бойынша Интернет-дүкеннің электрондық поштасына ұсынылған күннен бастап 7 (жеті) банктік күннің ішінде қайтарылады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шартта көзделген тәртіппен, ал онда қарастырылмаған бөлігінде – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

8.2. Жеткізуші:

8.2.1. өндіруші өзгерткен Тауардың сыртқы түрі (қаптамасы);

8.2.2. оның бақылау шеңберінен тыс себептер бойынша орын алатын қызметтерді ұсыну кезіндегі (Тапсырысты өндеу, Тауарды жеткізу бойынша) кідіріс пен іркілістер;

8.2.3. Сатып алушыларға өз желілік сәйкестендіргіштерін IP, MAC-мекенжайларын, логин және құпиясөзін, ЭЦҚ-кілттерін және т.б. үшінші тұлғаларға бергені үшін жауап бермейді.

8.3. Сатып алушы осы Шарттың 7.1 т. көрсетілген төлеу мерзімдерін бұзған жағдайда Жеткізуші төленбеген Тауарды қайтаруды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сатып алушы Тауарды бұзылмаған Тауар түрінде қайтаруға және Жеткізушіге тиісті қабылдау-тапсыру актісі бойынша бергенге дейін оны сақтау талаптарын сақтауға міндеттенеді.

8.4. Сатып алушы осы Шарттың мәні болып табылатын Тауардың санын, қасиеттерін немесе сипаттамаларын дұрыс таңдамаған жағдайда ол үшін Жеткізуші жауап бермейді.

9. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

9.1. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың алдында Тараптардың еркі мен тілегінен тыс туындаған және алдын ала болжау немесе құтылып кету мүмкін емес жағдайлардың, оған қоса жарияланған немесе нақты соғыстың, азаматтық толқулардың, эпидемиялардың, блокаданың, жер сілкінісінің, су тасқынының, селдің немесе басқа дүлей апаттардың, ҚР Президентінің, Үкіметінің және Парламентінің заңнамалық актілерінің себебінен міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді.

9.2. Өз міндеттемесін орындамайтын Тарап екінші тарапқа кедергі және оның осы шарт бойынша міндеттемелерін орындауына әсері туралы жазбаша түрде хабарлау керек. Екінші Тарапты форс-мажорлық жағдайлар туралы олар басталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде хабардар етпеу осындай жағдайдың әсеріне түскен Тарапты осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін осы Тараптың орындама негізі ретінде сылтау ету құқығынан айырады. Форс-мажорлық жағдайлар 1 (бір) айдан артық уақытқа созылған жағдайда кез келген Тарап осы Шартты өз бастамасы бойынша бір жақты соттан тыс тәртіппен, болжалды Шартты бұзу күніне дейінгі 15 (оны бес) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабарлау арқылы бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда Тараптар Шартты бұзу күніне дейінгі өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісін толтырады және оған қол қояды. Сатып алушы Шартты бұзатын күнге дейін Жеткізушімен барлық жеткізілген және жүкқұжаттар бойынша қабылданған Тауар үшін есеп айырысуға міндетті.

10. Шарттың қолдану мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 202_ жылдың «__» _____ дейін (қоса алғанда) қолданылады.

10.2. Осы Шарттың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін Тараптардың ешқайсысы осы Шартты бұзатыны туралы жазбаша түрде мәлімдемеген жағдайда оның қолдану мерзімі автоматты түрде дәл сол талаптармен әрбір келесі күнтізбелік жылға ұзартылады.

10.3. Әр Тарап кез келген уақытта және кез келген негіз бойынша, Тараптардың келісімімен немесе бір жақты соттан тыс тәртіппен, немесе Шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда екінші Тарапты болжалды Шартты бұзу күніне дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып, осы Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шартты бір жақты соттан тыс бұзған жағдайда Тараптар Шартты бұзу күніне дейінгі өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне қол қояды. Сатып алушы Шартты бұзу күніне дейін жеткізілген және жүкқұжаттар бойынша қабылданған барлық Тауарлар үшін Жеткізушімен есеп айырысуға міндетті.

11. Дауларды шешу тәртібі

11.1. Осы Шарт бойынша немесе онымен байланысты Тараптардың арасында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер сотқа дейін реттелуге тиіс және Тараптардың арасында келіссөз жүргізу арқылы шешіледі немесе сотқа дейінші кінәрат-талаптар жіберіледі. Сотқа дейінгі кінәрат-талапты қарау мерзімі – оны алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күнді құрайды.

11.2. Келіспеушіліктерді келіссөз жүргізу және кінәрат-талаптарды жіберу арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сотта қаралуға жатады.

12. Қосымша талаптар

12.1. Тараптардың біріне осы Шарт бойынша барлық немесе кейбір құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға тек қана екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен беруге рұқсат етіледі.

12.2. Тараптар қайта тіркелгені, басшыларының өзгергені, атауының, банктік деректемелерінің, заңды мекенжайының, телефон/факс нөмірлерінің өзгергені және басқа да осы сияқты өзгерістер туралы осындай өзгерістер басталған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде бір бірін хабардар етуге міндетті. Банктік деректемелері немесе заңды мекенжайы, телефон/факс нөмірлері және т.б. өзгерген жағдайда info@bazarjoq.kz электрондық мекенжайына жазбаша түрде хабарлау жеткілікті. Мұндай жағдайда Шартқа қосымша келісім жасасу талап етілмейді.

12.3. Қандай да бір Тарап қайта ұйымдастырылған жағдайда осы Шарт өз заңды күшінен айрылмайды, мұндай Тараптың құқықтары мен міндеттері осы Тараптың құқықтық мирасқорына ауысады.

12.4. Шарт бойынша әр Тарап басқа Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және басқа ақпараттың қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

12.5. Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге, оны жариялауға немесе таратуға тек қана екінші Тараптың жазбаша келісімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен осындай ақпаратты алуға тікелей уәкілеттік берген органдар мен лауазымды тұлғалардың талабы бойынша рұқсат беріледі. Аталған ақпаратты берген Тарап мұндай ақпараттың берілгені туралы екінші Тарапқа бір жұмыс күннің ішінде хабарлауға міндетті.

12.6. Осы Шартта көзделмеген қалған жағдайлардың барлығында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

12.7. Шарт әр Тарап үшін бір данадан, заңды күші бірдей екі данада жасалды.

13. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолтаңбалары

«ЖЕТКІЗУШІ»

«BazarJoq Kazakhstan» ЖШС

БСН: 231240021841

ЖСК: KZ14601A861027086801_____

БСК: HSBKKZKX

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ банкі

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов
көшесі, 280-ғимарат, пошталық индексі
A15G7M6

Бас директор

_____ Романов А.В.

м.о. (лауазымы, аты-жөні, қолы)

«САТЫП АЛУШЫ»

(Сатып алушының атауын көрсетіңіз)

БСН/ЖСН: _____

ЖСК: _____

БСК: _____

ҚҚС куәлігінің сериясы:

_____» банкі

Заңды мекенжайы:

Нақты мекенжайы: _____

Тел/факс:

e-mail:

_____ (лауазымы, аты-жөні, қолы)